

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОНИТОРИНГТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

I. Кіріспе бөлім

1. **Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мәні:** Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Риддер қаласындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп – интернат – колледжі» РММ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің міндеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Риддер қаласындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп – интернат – колледжі» РММ (бұдан әрі – «Риддер қаласындағы ОРРММИК» РММ) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі қызметін зерделеу және бағалау болып табылады.

«Риддер қаласындағы ОРРММИК» РММ негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және техникалық және кәсіптік білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру бойынша мамандандырылған жалпы білім беретін оқу орнының функцияларын жүзеге асыру үшін республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті директордың 13.10.2021 жылғы №130 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу жөніндегі жұмыс тобы жүргізді электрондық пошта: m.kolmakova@rsshicor.kz, Тел. +7 777 9867993.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу кезеңі: 2021 жылғы 1 қарашада басталды, 2021 жылғы 26 қарашада аяқталды.

4. Бақыланатын кезең: 2021 жылғы 1 қаңтар - 26 қараша.

II. Ақпараттық-талдау бөлімі

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410 – V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының (бұдан әрі-Заң) 7-бабына және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №13 «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Заңның 7-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау болып табылады, ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің көздері құқықтық статистика мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері, әлеуметтік сұрау жүргізу деректері мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері болып табылады.

Жұмыс тобы бақыланатын кезеңде құрылымдық бөлімшелердің қызметін қозғайтын ішкі жергілікті актілердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды анықтау тұрғысынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді. Жүргізілген мониторинг нәтижесінде ішкі жергілікті актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

Жұмыс тобы құрылымдық бөлімшелердің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізді. Бақыланатын кезеңде мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Құжаттарды қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру тікелей көрсетілетін қызметті беруші арқылы жүргізіледі. Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде қызмет көрсету тәртібінің елеулі бұзушылықтары анықталған жоқ, атап айтқанда: құжаттарды қабылдау мерзімі, қабылдау комиссиясының жұмыс уақыты, Интернет-ресурстарда «Риддер қ. ОРММИК» РММ оқуға қабылдау тәртібі» жариялау мерзімі. «Риддер қ. ОРММИК» РММ мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында бақылау іс-шараларын жүргізу қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсететін қызметкерлермен түсіндіру жұмыстары жүргізілді, анықталған бұзушылықтар жойылды, көрсетілген құрылымдық бөлімшелер мемлекеттік қызмет көрсетпейді.

Құрылымдық бөлімшелерде рұқсат беру және бақылау функциялары жоқ.

Бақыланатын кезеңде құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар саласында әкімшілік және қылмыстық істер қозғалған жоқ.

Жеке және заңды тұлғалардың қаралған өтініштеріне жүргізілген сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг нәтижесінде сыбайлас жемқорлықтың туындауын сипаттайтын себептер анықталған жоқ.

Бақыланатын кезеңде бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға қатысты теріс Жарияланымдар анықталған жоқ.

«Риддер қаласындағы ОРММИК» РММ қызметінде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайларды жою, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын орындау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Риддер қаласындағы ОРММИК» РММ қызметінде алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған 2021-2022 жылдарға арналған корпоративтік алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

«Риддер қаласындағы ОРММИК» РММ қызметінің мәні спортпен айналысуға талпынысы және қабілеті жоғары дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу, біліктілік сипаттамалары мен талаптарына сәйкес кәсіби

білімді, іскерлікті және дағдыларды меңгерген маман тұлғасын дамытуды қалыптастыру болып табылады.

Бақыланатын кезеңде «Риддер қаласындағы ОРРММИК» РММ мектеп-интернатқа 64 оқушы және колледжге 20 оқушы түсті. 18 оқушы колледжді бітірді.

Риддер қаласындағы «Риддер қ.ОРРММИК» РММ қызметін реттейтін ішкі құжаттар заңнамаға сәйкес әзірленеді және бекітіледі. Бұл ретте, барлық ішкі жобалар міндетті түрде заңгермен келісуге жатады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша «Риддер қаласындағы ОРРММИК» РММ ішкі құжаттарында алаяқтық пен сыбайлас жемқорлық тәуекелінің деңгейін арттыруға ықпал ететін өкілеттіктер мен нормалар анықталған жоқ.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі әрбір субъектінің міндеті болып табылады және білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық шаралар кешені сипатындағы арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Риддер қаласындағы олимпиада резервінің республикалық мамандандырылған мектеп – интернат – колледжі « РММ «Таза сессия» акциясын іске асыру шеңберінде 13.10.2021 ж. бастап 22.10.2021 ж. дейін колледж білім алушыларында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қарым-қатынасты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық стандарттарын қалыптастыру мақсатында іс-шаралар өткізілді.

Оқу корпусының 1 қабатында «Сенім жәшігі» орналасқан, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті тәрбиелеу бойынша ақпараттық стенд ресімделген.

Ұйымдастырылды:

1. «Парасаттық сағаты!» тақырыбы бойынша бейнероликтер көрсету-оқытушы А.С. Баянбаева;
2. «Пара берме-Пара алма!» тақырыбы бойынша ашық сабақ- Ж.Т. Үшақбаева;
3. Кураторлық сағаттар: 1-курста «Адалдық сабақтары» -С.Е. Халитова; 2 -курста «Қоғамда сыбайлас жемқорлықсыз өмір сүр»- А.А.Харламова; 3-курста «Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз» бейнероликпен сүйемелденіп, онда білім алушылар рөлдік ойындар арқылы сыбайлас жемқорлықты анықтау, алдын алу және жолын кесу бойынша өз азаматтық ұстанымын білдіре алды-куратор Муровцева В. В.

Колледж оқытушылары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру» тақырыбы бойынша дәрістер дайындап, өткізді-Миропольский В. В., «Жастар - сыбайлас жемқорлыққа қарсы!», «Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын түсіндіру және насихаттау» тақырыбы бойынша ақпараттық сағат - С.Ч. Марданов, өткізілген іс-шаралар біздің мектептің сайтында және инстаграм парақшасында орналастырылды:

https://www.instagram.com/p/CVLRJPPiCm/?utm_medium=copy_link

https://www.instagram.com/p/CVNiDF2Igs5/?utm_medium=copy_link
https://www.instagram.com/tv/CVQTj17IW11/?utm_medium=copy_link
https://www.instagram.com/tv/CVSipC3o2Mo/?utm_medium=copy_link

Психолог А.А. Головкина «Оқытушы білім алушылардың көзімен» атты анонимді сауалнама жүргізді.

Бақыланатын кезеңде «Риддер қаласындағы ОРРММИК» РММ қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауда жауапкершілікке тарту фактілері жоқ.

Кадр саясатын қалыптастыру мен орындауда бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында, «Риддер қ. ОРРММИК» РММ еңбек өтілін белгілеу бойынша комиссия және тәртіптік комиссия құрылды.

«Риддер қаласындағы ОРРММИК» РММ тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу:

1) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңымен

2) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен жүзеге асырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг барысында «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 5-бабының 2-тармағынан басқа, сатып алу бойынша ішкі рәсімдердің тұтастай сақталатыны анықталды, Мемлекеттік сатып алу жоспары Мемлекеттік сатып алу порталында уақтылы орналастырылмаған. Заңнаманы бұзуға жол берген лауазымды тұлғаларға тәртіптік жауапкершілік қолданылды.

және 12-б.4-т. Тапсырыс беруші «Риддер қ. ОРРММИК» РММ әлеуетті өнім берушіні заңда көзделген мерзімді бұза отырып, Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге құқылы.

Мемлекеттік аудит органдары тексеру кезінде 5-баптың 13-тармағы және ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабы 3-тармағы 4 тт. бөлігінде бұзушылықтарды анықтады. Заңнаманы бұзуға жол берген лауазымды тұлғаларға тәртіптік жауапкершілік қолданылды.

Қорытынды бөлім

Қорытындылар мен ұсыныстар:

1) «Риддер қаласындағы ОРРММИК» РММ жауапты құрылымдық бөлімшелері 2021-2022 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары бойынша іс-шараларды уақтылы орындау қажет.

2) Жауапты адамдарға «Олимпиадалық резервтің республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың мамандандырылған мектеп-интернат-колледждеріне және облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарына құжаттар қабылдау» мемлекеттік қызметін көрсетудегі бұзушылықтар жойылсын және сәйкес келтірілсін.

3) Мемлекеттік сатып алуды Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚРЗ Заңына сәйкес жүзеге асыру.

Заңгер



М.Б. Колмакова

Оқытушы




В.В. Миропольский

Оқытушы



А.А. Харламова

Педагог-психолог



А.А. Головкина